



жазбаша келісімімен жүзеге асырылатын курстық сабақтар, конференциялар, семинарлар, концерттер мен спорттық іс-шаралар өткізу үшін көп дегенде бір ай мерзімге беру . "

мынадай мазмұндағы 3-1 тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Жалға алған мүлікті пайдаланғаны үшін ақшалай ақы төленеді.

Жалдау ақысының есептік мөлшері аймақтық жағдайларды ескере отырып анықталады және уәкілетті органның келісімі бойынша жалға беруші бекітеді."

6-тармақтың екінші азат жолындағы "уәкілетті органның келісуімен" деген сөздер "мемлекеттік басқару органымен келістіргеннен кейін және уәкілетті органның жазбаша келісімінен кейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Тендерлік комиссия жалға берушінің және уәкілетті органның өкілдерінен құралады. Тендерлік комиссияның құрамына сондай-ақ жалға берушінің мемлекеттік басқару органының өкілдері және өзге де мүдделі ұйымдар қосылуы мүмкін . "

16-тармақтың 2) тармақшасы "және жалдау ақысының бастапқы мөлшерлемесі көлемінде (осы Ереженің 3-1 тармағына сәйкес жалға беруші бекіткен есептік көрсеткіштен кем болмайтын);" деген сөздермен толықтырылсын ;

28-тармақ "бір өтінімнен" деген сөздерден кейін "(екінші және кейінгі тендерлерді есепке алмағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

46-тармақта "мен уәкілетті органға" деген сөздер "және мемлекеттік басқару органына" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.С. Демеуовке жүктелсін.

*Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов*